

Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

Дәстүрлі және баламалы энергия мектебі

Топтың түрлері. (эталон, негізгі, қосалқы топтар). Топтық шешімдер қабылдау

Орындаған: 20-ТЭК-1 Капасов А.К.
Жалында А.Ж.

Қабылдаған: Уалиева С.К.

Топтың түрлері

Біздің әрқайсысымыз әулет, әйелдер клубы, спорттық команда, «Әлеуметтану» тобының студенттері, Библияны оқу сыныбы, жұмыс тобы сияқты түрлі топтарға мүшеміз. Бұл тарауда біз *эталон топ*, *негізгі топ*, *қосымша топ* деген үш түрлі топ туралы айтамыз.

Эталон топ

Эталон топ - адамдар өздерін үнемі салыстырып отыратын топ. Әдетте адамдар өздеріне ұқсас адамдар кіретін топтарды эталон топ ретінде тандайды. Сөйте тұра, кейде олар өздері қосылғысы келетін топтарды да эталон топ етіп алады. Мәселен, Демарио бауырластық тобына кірерден бұрын сол топтың мүшелері қалай киінетініне көз салып жүреді, содан соң толығымен оларға ұқсас болу үшін киіміне аз-маз өзiзгерiс енгізеді

Негізгі топтар

Негізгі топтар - өте жақын, бетпе-бет әрекеттесетіндігімен ерекшеленеді, сондықтан олар әдетте бейресми, кішігірім топ болады әрі жеке тұлғалар арасында қалыптасады. Достар тобы, қызметтестер, бандылар сияқты отбасы да негізгі топқа жатады.

Негізгі топтардың басты міндеті - адамның *экспрессивті қажеттіліктерін* өтеу, яғни адамға эмоциялық қолдау көрсетіп, оның әлеуметтік топқа қатысы бар екенін сезіндіру.

Қосалқы топ

Қосалқы топтың негізгі топтан айырмашылығы - олар ресми әрі ауқымды болып келеді және олар жеке адамға негізделмеген. Негізгі топтың басты мақсаты - адамның экспрессивті қажеттіліктерін қанағаттандыру болса, қосалқы топ инструменталдық қажеттіліктерді өтейді, яғни белгілі бір шаруаны орындауға қызмет етеді.

Топтық шешімдер қабылдау.

Әлеуметтанудағы шағын топтарды зерттеу бағыты топтың сипаты шешім қабылдауға қалай әсер ететінін жіті қарастыруда. Мұндай зерттеулер әртүрлі топтарда, атап айтқанда, ұшақ экипажында, сүңгуір қайықтың экипажында, наразылық білдіруші топтарда, іскерлік кездесулерде және қазылар алқасы арасында жүргізілген. Әдетте, топтар келісімге келуге ұмтылады. Олар өздерінің барлық шешімдері топтың әрбір мүшесіне қолайлы болғанын қалайды.

Ұғымдардың қорытындысы

Негізгі және қосалқы топтар

Ерекшелік	Негізгі топтар	Қосалқы топтар
Көлемі	Шағын	Үлкен.
Қарым-қатынас	Жеке, жақын	Жеке емес, әлсіз.
Байланыс	Бетпе-бет	Тікелей емес: хабарламалар.
Ұзақтығы	Ұзақ мерзімді	Қысқа мерзімді.
Өзара жақындық	Өте күшті, бір-біріне беріледі	Әлсіз, бір адамға бағытталған.
Шешімдер	Дәстүр мен адами сезімге негізделген	Ережелер мен рационалды ойлауға негізделген.
Әлеуметтік құрылымы	Бейресми	Ресми: қызмет дәрежесі, кеңселер, жиналыстар, т.с.с.
Негізгі мақсат	Экспрессивті қажеттіктерді қанағаттандыру: эмоционалдық қолдау көрсету және әлеуметтік интеграциялау	Инструменталдық мақсаттарды орындау: белгілі бір тапсырмаларды жүзеге асыру.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**